

А.Б. Базарбаеваның 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша «Пробациялық бақылау: теория, заңнама және тәжірибе мәселелері» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге дайындалған диссертациясына

## АНДАТПА

Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасының пробациясындағы өз алдына дербес нысан ретінде қалыптасқан пробациялық бақылауды жүзеге асыру мәселелерінде қолданыстағы заңнамалық және құқық қолдану тәжірибесін жан-жақты талдаумен байланысты. Зерттеулер нормативтік реттеу пробациялық бақылаудың қолданыстағы тетігін пробациялық бақылау тағайындалған тұлғаларға түзетушілік әсер етудің тиімді және жеткілікті ресурсы ретінде тануға кедергі келтіретін кейбір қарама-қайшы және сәйкес келмейтін аспектілерді сақтай отырып, реттеу мәселелерін салыстырмалы тұрақтандыру аясында жүргізілді. Бұл жерде пробациялық бақылауды жүзеге асыру саласындағы заңнама мен тәжірибенің одан әрі дамуында нормативтік материалдар бірқатар өзгерістерге ұшырап отырады, сонымен қатар қоғамдық бақылаудың және қылмыстық-атқару тәжірибесінің қажеттіліктері мен қатынастарының динамикасына сәйкес келетін қосымша ресурстар мен құралдарды іздестіруге әкеледі.

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстанда қарқынды жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық қайта құрулар қазіргі қоғамдағы мемлекет пен азаматтың орны мен рөлі өзгеріске түсіп жатқаны жайында қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қоғам өмірінің көптеген мәселелерін шеше отырып, қылмыспен күресуге бағытталған заңнаманы, қылмыстық мінез-құлықтың қайталанатын түрлерінің қаупін азайтуға бағытталған заңнаманы міндетті түрде жаңарту мен жетілдіруді қарастыру қажет, онсыз азаматтардың қауіпсіздігінің қажетті деңгейіне қол жеткізу мүмкін емес. Бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға қатысты қылмыстық-атқарушылық ықпал етудің қолданыстағы тетіктерін үнемі талдауды, қайта қарауды және жетілдіруді қажет етеді.

Бүгінгі таңда, бас бостандығынан айыру жазасы әлеуметтік-құқықтық аксиома ретінде өте қайшылықты сипатқа ие болып отыр, бұл жаза түрін ерекше жағдайларда және адамды физикалық оқшаулаусыз түзеу мүмкін емес жағдайларда ғана қолдану қажет. Бір жағынан, бас бостандығынан айырудың оң жақтары адамның жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау мүмкіндігін бейтараптандыру, қоғамға жат ортамен байланыстарды жою, мақсатты жазалау және тәрбиелік ықпал етуді жүзеге асыру үшін жағдай жасау және т.б. білдіреді. Екінші жағынан, сотталған адамды оқшаулау тұлғаның қоғамдық пайдалы байланыстарының жоғалуы сияқты жағымсыз салдарларға әкелуі, мұндай жағымсыз жағдайлар қалыптасуы үшін 5-7 жыл оқшаулау жеткілікті болып табылады екен.

Дәл осындай келеңсіз құбылыстардың алдын алу және пенитенциарлық қоғамға орналастырылатын адамдардың санын азайту мақсатында бүкіл әлемде соңғы онжылдықтарда физикалық оқшаулау жағдайында болатын

адамдардың санын азайту үшін ұлттық қылмыстық-атқару тәжірибесінің барлық мүмкін ресурстарын пайдалану үрдісі байқалды. Қазақстан ұзақ жылдар бойы «түрмедегі халық саны индексінің» төмендеуінен байқалатын қолайлы көрсеткіштерді жыл сайын жариялап отырды. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдар ұсынған мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда 2024 жылғы түрме халқы санының индексі 184 (яғни 100 мың халыққа 184 адам) құрады.

Сонымен қатар, 2024 жылдың басында бас бостандығынан айыру жазасына кесілгендердің жалпы саны 35228 адамды құраса, оның 7 пайызы ғана әйелдер, ал 2024 жылдың ортасына қарай бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалғандардың саны 37 мың сотталғанды құрап отыр, ал соңғы 4 жылда сотталғандардың тиісті санаттары санының 7 мыңға өскені байқалды. Бірақ бұл елдегі қылмыстық ахуалдың нашарлауымен емес, соңғы жылдары қарапайым қылмыстар деп аталатын қылмыстарға қатысты жазалар бойынша қылмыстық заңнаманың қатаңдатылуымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, елдегі криминологиялық жағдайдың тұрақсыздығы үнемі назар аударуды талап етеді, ал түрме халқы санының өсуі, пробация шараларының жеткілікті түрде тиімді болмағанын көрсетуі мүмкін. Атап айтқанда, «пробация» (ағылшын тілінен аударғанда «probation» - «сынау») сотталған адамға сот тағайындаған сынақ мерзімімен қылмыстық-құқықтық сипаттағы санкциялар мен шаралар ретінде және де сотталғанға қарсы бірқатар әртүрлі шектеулер қолдану мүмкіндігімен арнайы органдардың қадағалауы деп түсіндіріледі. Шындығында, пробация оны жүзеге асырудың барлық нысандарында қазіргі уақытта заманауи әлеуметтік-құқықтық тәжірибенің жетістігі ретінде бағаланады, өйткені ол гуманизм, қылмыстық-құқықтық қуғын-сүргін шараларын үнемдеу, жазадан алдын алудың басымдығы және т.б. сияқты принциптерді қамтиды. Қазақстан Республикасында пробация институты іс жүзінде Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасының қабылдануымен жарияланды, осы Тұжырымдамада, атап айтқанда, «... неғұрлым белсенді пайдалану үшін соттар бас бостандығынан айыруға баламалы шараларды қолдану үшін оларды жүзеге асырудың тиімділігін арттыруға қол жеткізу қажет, бұл мұндай шараларды жүзеге асыруға жауапты мамандандырылған органның институционалдық дамуын талап етеді» деп көрсетілген болатын. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында қазірдің өзінде пробация қызметінің сапасы мәселелеріне: пробация қызметкерлерінің мәртебесін арттыру; постпенитенциарлық пробацияның тиімділігін бағалау тәсілдерін өзгерту, пробация субъектілерінің өзара әрекетін тереңдету және т.б. көбірек көңіл бөлінген.

Пробациялық бақылау пробация институтына қарағанда айтарлықтай принципті жаңа тәжірибеге айналған жоқ, өйткені бұрынғы қылмыстық-атқару ықпал ету шараларында шартты түрде сотталғандарға қатысты ұқсас тетіктер қолданылған болатын. Дәл шартты соттау институтына пробациялық бақылаудың болжамдары алғаш рет Қазақстан

Республикасының 2012 жылғы 15 ақпандағы № 556-IV Заңының қабылдануына байланысты қолданылды. Кейіннен 2014 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінің, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің қабылдануымен пробацианалық бақылау институты бірнеше санаттағы тұлғаларға кеңейтілді және одан әрі кеңеюге бейім болды, бақылау қызметін әлеуметтік-құқықтық көмек элементтерімен біріктіру тетіктері пайда болды. Ұлттық пробация институтын жобалаудың соңғы кезеңі 2016 жылы тиісті қызметке қатысты негізгі мәселелерді жүйелеп, оның субъектілерін, нысандарын, мақсаттарын, принциптерін, т.б. айқындайтын «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануы болды.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта «пробациядағы халық» «түрмедегі халықтың» санына қатысты пропорционалды түрде азайып келеді. Осылайша, 2024 жылдың 3-тоқсанының қорытындысы бойынша пробация қызметінің есебінде тұрғандардың жалпы саны 28205 адамды құрады; ал түрмедегі сотталғандар саны 41515 адамды құрады. Сонымен бірге, 2020 жылы пробация қызметінің есебінде 33316 адам тұрды; 2021 жылы – 30989 адам; 2022 жыл – 28458 адам; 2023 жылы – 29062 адам, бұл «түрмедегі халық санының» өсуі аясында пробацияда нақты төмендеу тенденциясы бар екенін көрсетеді.

Бұл ретте «пробация халқы» санының ең көп пайызын өздеріне қатысты пробациялық бақылау белгіленген адамдар құрайды. Мәселен, 2020 жылы 21079 сотталғанға; 2021 жылы – 21358; 2022 жылы – 19606; 2023 жылы – 20582; 2024 жылы (2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша) – 19644 сотталғанға бас бостандығын шектеу тағайындалған. Шартты түрде сотталғандар саны да айтарлықтай көп: 2020 жылы – 4491 сотталған; 2021 жылы – 3862; 2022 жылы – 3758; 2023 жылы – 3547; 2024 жылы (2024 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша) – 3328 сотталған. Бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдар да айтарлықтай үлкен санатқа жатады, оларға пробациялық бақылауды Ішкі істер департаменті (ЖПК) жүзеге асырады. Мәселен, 2020 жылы 4748 адам; 2021 жылы – 4587; 2022 жылы – 4241; 2023 жылы – 4111 адам.

Жан-жақты тексеріліп, теңдестірілген пробацияны бақылау механизмі ғана азды-көпті оң нәтижелерге кепілдік бере алады, ол үшін ол бір жағынан біртұтас, ал екінші жағынан икемді және мақсатты болуы керек. Жеке жағдайларда пробациялық бақылауды жою бұл шараның тиімсіздігінің автоматты дәлелі бола алмайтынына қарамастан, бақылау мен жазалау ықпалының жеткіліктілігіне, қолданылатын ықпал ету құралдарының икемділігіне, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған нақты тұлғаларға қатысты дараландыру дәрежесіне және т.б. қатысты терең зерттеулерді талап етеді. Дәл осы жағдайлар қылмыстық-атқару құқығының дербес институты ретінде пробациялық бақылауды зерттеудің өзектілігінің дәлелі болып табылады, ол еліміздегі қылмысқа қарсы күрес құрылымында өзіндік мәні бар әлеуметтік-құқықтық тәжірибе болып табылады.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Диссертациялық зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының қазіргі қылмыстық және қылмыстық-атқару саясаты контекстінде пробацация нысандарының бірі ретіндегі пробацациялық бақылауды жүзеге асыру механизмі мен нормативтік бекіту мәселелеріне қатысты теориялық және практикалық мәселелерді жан-жақты талдау, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесін оңтайландыру, сондай-ақ оны одан әрі дамыту мақсатында осы институттың заңнамалық реттеуін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Диссертациялық жұмысты зерттеу барысында осы мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** қойылды және шешілді:

- шетел мемлекеттерінің заңнамасы мен тәжірибесінде пробацациялық бақылаудың пайда болуы мен дамуының тарихи кезеңдерін зерттеу;
- жекелеген шет мемлекеттерде пробацациялық бақылауды қолдану мен ұйымдастырудың құқықтық реттелуіне талдау жасау;
- Қазақстан Республикасындағы пробацациялық бақылау институтының қалыптасуының тарихи кезеңдерін бағалау;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы бойынша пробацациялық бақылаудың мәнін, мақсаттары мен принциптерін зерттеу;
- Қазақстан Республикасында пробацациялық бақылауды жүзеге асыру шеңберінде қылмыстық-атқару қатынастарының пәндік құрамына талдау жүргізу;
- Қазақстан Республикасындағы пробацация нысаны ретінде пробацациялық бақылаудың мазмұнын зерттеу;
- пробацация қызметімен пробацациялық бақылауды жүзеге асырудың ұйымдық-құқықтық аспектілеріне кешенді талдау жүргізу;
- полиция органдарының пробацациялық бақылауды жүзеге асыруда ұйымдастырушылық-құқықтық аспектілерінің ерекшеліктерін бағалау.

**Зерттеудің методологиясы мен әдістемесі.** Зерттеудің негізгі әдісі ретінде заңдылықтар мен қайшылықтарды есепке ала отырып, пробацациялық бақылау институтының әлеуметтік-құқықтық мәні мен маңызын бағалауға мүмкіндік беретін әлеуметтік құбылыстарды танудың диалектикалық әдісі таңдалды. Зерттеп-танудың жалпы ғылыми әдістерінің құрылымында мыналар: индуктивті-дедуктивті (атап айтқанда, пробацациялық ықпал етуді біріздендіру, саралау және даралау құралдарын бағалау мәселелері бойынша); талдау және синтез әдісі (бір институт шеңберінде біріктірілген пробацациялық бақылаудың жеке элементтерін талдау кезінде); модельдеу әдісі (қолданыстағы заңнамаға қажетті өзгерістерді дәлелдеу барысында) қолданылды. Жеке-ғылыми әдістердің жиынтығына: тарихи-құқықтық; салыстырмалы құқықтық; социологиялық; статистикалық; құрылымдық-функционалдық (пробацациялық бақылауды табысты жүзеге асыруы үшін оның субъектілерінің қолданыстағы нормативті құрылымдардың жеткіліктілігін талдау кезінде); формальды-логикалық (заңнамалық нормативтік-құқықтық актілердің, оның ішінде қазақстандық құқықтың басқа салаларының нормаларымен сәйкестігін бағалау кезінде); теориялық дереккөздерді, БАҚ-тағы жарияланымдарды және қолда бар ақпараттық-

коммуникациялық ресурстарды (атап айтқанда, сотталғандарды қадағалаудың электрондық құралдарын пайдалану проблемасын бағалау кезінде, халықаралық талдау деректерін алу және т.б.) мазмұнды талдау және т.б. енгізілді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** - пробациялық бақылауды тағайындау және жүзеге асыру мәселелерінде бүгінгі күнге дейін қалыптасқан кейбір нормативтік және құқық қолдану аспектілерін қайта бағалауды қамтуымен байланысты. Конструктивтік-сыни талдау барысында пробациялық бақылау тетігін шамадан тыс біріздендіру мәселелері байқалған, атап айтқанда, пробациялық бақылау белгіленген тұлғаларға жүктелетін міндеттер жиынтығының жеткіліксіздігі, сотталғандардың жекелеген санаттарына ықпал етудің икемді және сараланған тетіктерінің, пробация бақылауының және т.б. болмауы. Нормативтік материалды тұрақтандыру және оны одан әрі дамыту бойынша, сондай-ақ пробация қызметі мен ЖПК-нің біріккен қызметінде тиісті бақылау функцияларын жүзеге асыру тәжірибесін оңтайландырудың қолжетімді жолдарына бірқатар нақты ұсыныстар негізделді.

Жүргізілген **диссертациялық зерттеудің жаңалығы** қорғауға ұсынылған келесі **негізгі ережелерден** көрінеді:

1. Пробациялық бақылау шартты түрде сотталғандарға қатысты жүзеге асырылатын қылмыстық-атқару жүйесінің ұқсас элементтерінің ұлттық жүйеде бұрыннан болуына байланысты, пробациялық бақылау пробациялық ықпал етудің басқа нысандарына қарағанда пробацияның дербес түрі ретінде алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибені қайталаудың ең сәтті элементіне айналды, бұл оның қалыптасуына, сондай-ақ жаза тағайындау және постпенитенциарлық пробация шеңберінде нығая түсуге ықпал етті. Сонымен бірге, нормативтік материалдың, негізгі анықтаушы материалдардың шеңберіндегі қазіргі уақытқа дейін қалып қойған бірқатар карама-қайшылықтарды келесі тәсілдер арқылы оңтайландыру қажет:

- «Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының (25-б. 1-т.), 5-б. 2-т. талаптарына сәйкес «Пробация туралы» ҚР Заңы мынадай редакцияда жазылсын: *«Пробациялық бақылау – уәкілетті органдардың оларда есепте тұрған адамдардың заңмен және сотпен оларға жүктелген міндеттерді орындауын бақылау жөніндегі қызметі».*

- Қазақстан Республикасы «Пробация туралы» Заңының 5-бабының 2-тармағындағы «пробациялық бақылау» ұғымын Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 3-б. 9-т. ережелерге сәйкестендіру қажет (*нормативтік-құқықтық актілердің иерархиясы қазғидатын сақтау мақсатында*);

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 19-бабы 1-бөлігіндегі толықтырулар, сондай-ақ «Пробация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағына айыппұл, түзеу жұмыстары немесе қоғамдық жұмысқа тарту түріндегі жаза бас бостандығынан шектеу түріндегі жазамен ауыстырылған қосымша санаттағы тұлғаларға қатысты пробациялық бақылау

белгілейтін толықтырулар мен анықтамалар енгізу *(тиісті заңнамалық өзгерістерді есепке алу мақсатында)*;

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 3-бабы 8-тармақшасындағы өзгерістер және Қазақстан Республикасының «Пробация туралы» Заңының 9-бабы 1-тармақшасындағы мазмұнмен бірдей анықтамада болуы тиіс: «пробация қызметі – қылмыстық жазаларды қоғамнан оқшауламай атқаруды қамтамасыз ету жөніндегі атқарушылық және әкімшілік функцияларды жүзеге асыратын және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің, сондай-ақ пробацияны ұйымдастыру және жұмыс істеуі үшін өзге де шараларын жүзеге асыратын қылмыстық-атқару жүйесінің органы» *(қолданылатын белгілердің артықтығы мен жеткіліксіздігін бір мезгілде жою мақсатында)*.

2. Пробациялық ықпал ету объектісін талдау нәтижесі болып пробациялық бақылаудағы адамның құқықтық жағдайы болып табылады, сондықтан Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 44-бабы 2-бөлігіндегі міндеттердің тізбесін толықтыру қажет:

- жалпы міндетті белгілеумен қатар, психоактивті заттарға тәуелділіктен (барлық адамдар үшін) емдеуден өту, осы зиянды заттарды пайдалану (тәуелділіктің болуына байланысты емес) салдарынан қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты психоактивті заттарды пайдалануға тыйым салуды белгілеу;

- психоактивті заттарды пайдалануға тыйым салуға сәйкес келетін және осындай сараптамадан бас тартуды пробациялық бақылаудан жалтару деп танумен мерзімдік тексеріп-қарау туралы талапты белгілеуден тұратын міндеттемені қосу;

- сотталғанның емделуден өтумен байланысты міндеттері «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің әлеуметтік маңызы бар аурулар тізіміне» (АИТВ, туберкулез, вирустық гепатит) негізделіп, толықтырылуға тиіс;

- құмар ойындарға тәуелділіктен емделу және медициналық-әлеуметтік оңалтудан өту бойынша қосымша міндеттемені енгізу (Қазақстан Республикасында заңсыз ойын бизнесіне және ойынға тәуелділікке қарсы күрестің 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде қосымша шара ретінде);

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 44-бабы 2-бөлімі мынадай мазмұндағы редакциямен толықтырылсын: «Егер осы Кодекстің 98-3-бабына сәйкес сотталған адамның мінез-құлқына қатысты ерекше талаптар белгіленсе, сот пробациялық бақылауды белгілеу кезінде сотталғанның орындайтын міндеттерінің мазмұнына тиісті шектеулер енгізеді».

3. Шет елдердің озық тәжірибесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасының бұрынғы сәтсіз тәжірибесін ескере отырып, пробациялық бақылау заңнамасына келесі өзгерістер енгізе отырып, тұрақты және күшейтілген деп бөлу орынды болады: 1) пробация қызметі және ЖПҚ жүзеге асыратын пробациялық бақылаудың барлық түрлеріне мәжбүрлі еңбекті енгізу (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 44-бабының

1-бөлігіне сәйкес, оны пайдалануға жол берілмейтін адамдарды қоспағанда); 2) күшейтілген пробацациялық бақылау шеңберінде мәжбүрлі еңбектің көбірек көлемін (жылына 150 сағат) белгілеу; 3) сот белгілеген мерзімде (кемінде 6 ай) бас бостандығын шектеуді өтеп жүрген кезінде бұзушылықтар жасаған адамдарға; ауыр қылмыстар үшін шартты түрде сотталғандарға; ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға күшейтілген пробацациялық бақылауды қолдану.

4. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған әскери қызметшілерге қатысты жазаларды белгілеу мен жүзеге асырудың қолданыстағы тәжірибесі мемлекеттің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жеке құрамының қорғаныс қабілеті мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі қазіргі заманғы қажеттіліктеріне сәйкес келмейтіні негізделген, нәтижесінде мыналар қажет:

- теріс қылықтары үшін жұмыстан босату мәселелеріндегі талаптарын қолданыстағы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» № 561-IV Заңы нормаларының императивтілігін келесі редакцияда өзгерту арқылы төмендету: *«ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін, сондай-ақ бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтеу түріндегі жаза тағайындалған сот үкімі заңды күшіне енген кезде»;*

- шартты түрде сотталған әскери қызметшілерге қатысты әскери бөлімдердің қолбасшылары пробацациялық бақылау субъектілері деп танылсын (1997 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 181-бабының шеңберінде бұрын қолданыста болған тетіктің қажеттілігін ескере отырып, заманауи тәжірибені ескере отырып қайта өзгерту).

5. Сотталғандардың заңға бағыну және қоғамдық пайдалы мінез-құлқын қалыптастыруға ынталандыру қағидатын тиімдірек іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 64-бабын мынадай ережелермен толықтыруды көздеп отырмыз: *«Егер сотталған адам жыл бойы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес волонтерлік қызметті жүзеге асырса, сондай-ақ табиғи зілзалалар, экологиялық, техногендік және басқа да зілзалалар зардаптарын жоюға қатысқан жағдайда, сондай-ақ олардан зардап шеккендерге көмек көрсетсе, оның шартты түрде соттау жазасының мерзімін үштен бір бөлігін өтегеннен кейін жойылуы мүмкін. Бұл ретте сот оның күшін жою туралы мәселені қараған кезде пробацациялық бақылаудың мерзімі бір жылдан кем болмауы керек»* (ҚР ҚК-нің 72-бабы бас бостандығын шектеу түріндегі іс жүзінде өтелген жаза мерзімін қысқарту түріндегі редакциясымен толықтырылуы қажет).

6. «Пробацациялық бақылау» және «Бос уақытын шектеу және кәмелетке толмағандардың мінез-құлқына ерекше талаптарды белгілеу» сияқты тәрбиелік ықпал ету шараларының айқын біртектілігіне байланысты оларды пробацациялық бақылаудың бірыңғай құрылымы шеңберінде келесі өзгерістер арқылы біріктіру:

- пробациялық бақылау орнату арқылы қылмыстық жауаптылықтан босатылған кәмелетке толмағандарға жүктелуі мүмкін міндеттердің тізбесін, оның ішінде *белгілі бір әлеуметтік желілерді пайдалануға және кәмелетке толмағанның қылмыстық құқық бұзушылық жасауына ықпал еткен басқа кәмелетке толмағандармен немесе ересектермен қарым-қатынас жасауға тыйым салуды енгізу*;

- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 44-бабы 2-бөлігіне 2) толықтырулар мынадай мазмұндағы жаңа абзацпен енгізілсін: *«Кәмелетке толмағандардың жасаған қылмысының сипаты, өмірлік және тұрмыстық жағдайы ескеріле отырып, Осы Кодекстің 85-бабының жетінші бөлігінде көзделген міндеттер де жүктелуі мүмкін»* (міндетті түрде тәрбиелік ықпал ету шарасы ретінде пробациялық бақылаудың мазмұнын тұжырымдауға тиіс).

7. Пробациялық бақылаудағы тұлғаның мінез-құлқын негізінен қашықтықтан электрондық бақылау құралдарының көмегімен бағалау фактісін ескере отырып және де электрондық бақылау құралдарының жетіспеушілігін ескерсек, сотталған адамның сыртқы түрі мен орналасқан жерін анықтауға автоматты түрде бақылау *мобильді қосымшаны әзірлеу және енгізу* арқылы бақылып отыруға болады, бұл пробация қызметі қызметкерлерінің және ЖПҚ физикалық және уақыттық шығындарын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы.** Зерттеу барысында қол жеткізілген ең маңызды нәтижелер төмендегідей:

Нәтиже 1. Диссертациялық зерттеу барысында пробацияның дербес түрі ретінде «пробациялық бақылау» түсінігіне жан-жақты талдау жасалды. Пробация қызметінің, пробациялық бақылаудың анықтамасына авторлық көзқарас берілген.

Нәтиже 2. Пробациялық бақылаудағы адамдардың өзгеретін құқықтық мәртебесі болып табылатын пробациялық ықпал ету объектісіне талдау жасалды. Автор Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 44-бабы 2-бөлігінде көрсетілген міндеттер тізімінің жеткіліксіздігін негіздейді. Осыған байланысты ҚР Қылмыстық кодексінің жоғарыда аталған бабына толықтыру енгізу ұсынылып отыр.

Нәтиже 3. Жұмыста алдыңғы қатарлы шет елдердің озық тәжірибесін, сондай-ақ бұрын сәтсіз болған Қазақстан Республикасының заңнамалық тәжірибесін ескере отырып, пробациялық бақылауды тұрақты және күшейтілген деп бөлу орынды деп ойлаймыз.

Нәтиже 4. Диссертациялық жұмыста қылмыстық құқық бұзушылық жасаған әскери қызметшілерге қатысты құқықтық нормалардың жеткіліксіздігіне назар аударылады. Осыған байланысты «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңының нормаларын жетілдіру, сондай-ақ шартты түрде сотталған әскери қызметшілерге қатысты пробациялық бақылау субъектілері ретінде бөлімшенің әскери қолбасшылығын тану ұсынылады.



Нәтиже 5. Пробациялық бақылау шараларын қолдануды реттейтін отандық және шетелдік заңнаманы салыстырмалы құқықтық талдау негізінде ішкі әкімшілік заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 64-бабын толықтыру туралы ұсыныс әзірленді.

Нәтиже 6. Зерттеу шеңберінде пробациялық бақылау орнату арқылы қылмыстық жауаптылықтан босатылған кәмелетке толмағандарға жүктелуі мүмкін міндеттердің тізбесін жаңарту бойынша ұсыныстар енгізілді. Атап айтқанда, ҚР ҚК 44-бабы 2-бөлігін 2) жаңа тармақпен толықтыру ұсынылады.

Нәтиже 7. Пробациялық бақылауға жататын адамның мінез-құлқын негізінен қашықтықтан бағалау фактісін ескере отырып, пробация қызметкерлері мен ЖПҚ физикалық және уақыт шығындарын айтарлықтай азайту мақсатында кездейсоқ іріктеу арқылы жүзеге асырылатын адамның сыртқы түрі мен орналасқан жерін автоматты түрде анықтау функциясымен жабдықталған *мақсатты мобильді қосымшаны* тәжірибеден өткізу.

**Қол жеткізген нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу.**

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы маңызды жаңа нәтижелер алуымен сипатталады. Ғылыми тұжырымдар мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі автордың зерттеу мәселесіне деген көзқарасымен анықталады.

1-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені диссертант ұлттық жүйемізде бұрыннан қалыптасқан теориялық негізді зерделеу және жан-жақты талдау негізінде шартты түрде сотталғандарға қатысты жүзеге асырылатын қылмыстық-атқару әрекетінің ұқсас элементтерін тауып, осындай қорытындыға келді. Осыған байланысты автор бүгінгі күнге дейін айтарлықтай қарама-қайшылықтарды сақтап қалған нормативтік материалды және «пробациялық бақылау» түсінігінің анықтамасын ретке келтіру қажеттігін көрсетеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Пробация қызметі туралы» Заңының 12-бабының 2-тармағындағы жаза тағайындау пробациясының анықтамасын және «пробация қызметін» жаңа редакцияда өзгертуді ұсынады.

2-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 44-бабы 2-бөлігінің әлеуеті жеткіліксіз. Осыған байланысты автор Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 44-бабын міндеттер тізбесімен толықтыруды ұсынады. Атап айтқанда, тәуелділікпен байланысты емес, бірақ осы *зиянды заттарды пайдалану салдарынан* қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға қатысты психоактивті заттарды қолдануға тыйым салуды белгілеу ұсынылады; психоактивті заттарды пайдалануға тыйым салуға сәйкес келетін және осындай сараптамадан бас тартуды пробациялық бақылаудан жалтару деп танумен мерзімдік куәландыруға қойылатын талапты белгілеуден тұратын міндеттемені қамтуға; «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен тізбесі белгіленетін әлеуметтік маңызы бар аурулар»

тізбесіне сүйене отырып, сотталғанның емделуіне қатысты міндеттерін толықтыру; құмар ойындарға тәуелділіктен емделу және медициналық-әлеуметтік оңалтудан өту туралы қосымша міндеттемелер енгізу (Қазақстан Республикасындағы заңсыз ойын бизнесіне және ойынға тәуелділікке қарсы күрестің 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде қосымша шара ретінде).

3-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қолданыстағы нормаларын бағалау контекстінде қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде пробациялық бақылау түрлерін құрудың жеткіліксіз деңгейі бар деп айтуға болады.

4-нәтиже жаңа, өйткені онда «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңының нормаларын жетілдіру, сондай-ақ әскери бөлімдердің шартты түрде сотталған әскери қызметшілерінің басшылығын пробациялық бақылау субъектілері деп тану жөнінде ұсыныстар тұжырымдалған.

5-нәтиже жаңа, өйткені пробациялық бақылау шараларын қолдануды реттейтін отандық және шетелдік заңнаманы салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде ішкі әкімшілік заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 64-бабына толықтыру енгізу ұсынылған.

6-нәтиженің жаңалығы автордың зерттеу аясында заңнамалық түзетуді ұсынуымен анықталады, пробациялық бақылау арқылы қылмыстық жауаптылықтан босатылатын кәмелетке толмағандарға жүктелуі мүмкін міндеттер тізбесін жаңарту бойынша ұсыныстар енгізілді. Атап айтқанда, ҚР ҚК 44-баптың 2-бөлігін 2) жаңа тармақшамен толықтыру ұсынылады.

7-нәтиже жаңа болып табылады, өйткені ол пробация қызметкерлері және ЖПҚ қызметкерлерінің физикалық және уақытша қиындықтарын жоюға бағыттау мақсатында, кездейсоқ іріктеу арқылы жүзеге асырылатын адамның сыртқы түрі мен орналасқан жерін автоматты түрде анықтау функциясымен жабдықталған мақсатты *мобильді қосымшаны практикаға* енгізу қажеттілігін негіздейді.

**Диссертациялық зерттеу тақырыбы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.** Диссертациялық зерттеу халықаралық және республикалық маңызы бар бағдарламалық құжаттарға сәйкес жүргізілді. Диссертациялық зерттеуде Қазақстан Республикасының құқықтық саясатын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламаларының сабақтастығы, сәйкесінше Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының» ережелері ескерілген және Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы» қолданылды, пробация қызметінің сапасы мәселелеріне көбірек назар аударылады: пробация қызметкерлерінің мәртебесін арттыру; постпенитенциарлық пробацияның тиімділігін бағалау тәсілдерін өзгерту,

пробация субъектілерінің өзара әрекетін тереңдету және т.б. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы: «адамға бағдарланған үлгі» - «Бірінші кезекте халық», мемлекеттік басқаруды анағұрлым тереңірек «ізгілендіру» тетіктерін құрудың басты идеясы ретінде қарастырылған. Зерттеу құрылымында әскери қызметшілерге қатысты пробациялық бақылауды қолдану бойынша құқық қорғау органдарының қызметі мен зерттелетін мәселелерге тікелей қатысты бағдарламалық құжаттардың арақатынасы анықталды, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 554 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы бекітілді. Ойынқұмарлық (лудомания) тәуелділігі санының артуына байланысты «Қазақстан Республикасында заңсыз ойын бизнесіне және құмарлыққа қарсы күрестің 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 432 қаулысы қабылданды, ол Қазақстан Республикасында да өте өзекті болып отырған және қылмыстық әрекеттермен және деструктивті мінез-құлықтың басқа да нысандарымен (атап айтқанда, суицидтік оқиғалар) тікелей байланысты маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Диссертациялық зерттеу құқық қорғау қызметін цифрландыру элементтерін енгізу және кеңейту жөніндегі салалық бағдарламалық құжаттармен, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі «2024-2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамытуға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» № 592 қаулысымен сәйкес келеді. Цифрландыру құқық қорғау қызметінің бірқатар салаларын, оның ішінде негізінен қашықтықтан режимде жүзеге асырылатын пробациялық бақылауды айтарлықтай оңтайландыра алады.

**Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау.**

Диссертацияның негізгі нәтижелері 12 жұмыста жарияланды, оның ішінде 1 мақала SCOPUS мәліметтер базасына енгізілген JARLE-ASERS Publishing – Journal of Advanced Research in Law and Economics рейтингтік журналында, 5 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 6 ғылыми мақала – халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарияланды.

Барлық мақалаларды автор дайындады:

1. Alibekova A.B. «Issues of implementing the resocializing function of probation control in the Republic of Kazakhstan» // JARLE-ASERS Publishing - Journal of Advanced Research in Law and Economics (ISSN2068696X-Romania-Scopus), Volume VII, Winter), 7(21), p.1581-1587.

2. Алибекова А.Б. «О некоторых вопросах службы пробации в Республике Казахстан»// «Үшінші мыңжылдықтағы құқық және заң» IV Балтық құқықтық форумы: Халықаралық ғылыми-практикалық

конференция материалдары / ред. С.В. Векленко. Ресей ІІМ Санкт-Петербург университетінің Калининград филиалы, 2016. –184-185 б. (238 б.).

3. Алибекова А.Б. «Особенности становления и развития службы пробации в Республике Казахстан» // ҚР БҒМ «Болашақ» академиясы. «Қазіргі әлемдегі ғылым және білім» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Қарағанды: РИО «Болашақ-Баспа» 2016. - 1 том. 13-15 б. (380 б.).

4. Алибекова А.Б. «Пробационный контроль, как элемент системы исполнения наказаний, не связанных с лишением свободы» // Ұлт жоспары аясында полиция қызметкерлерін іріктеу және оқыту жүйесін жетілдіру: профессор Құлжақаева Роза Балбатырқызын еске алуға арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары / заң ғыл.канд. Д.Т. Кенжетаевтың жалпы ред. – Қарағанды: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Б.Бейсенов атынд. Қарағанды академиясы, 2016. – 33-36 б. (386 б.б.).

5. Алибекова А.Б. «К вопросу о пробационном контроле как разновидности контрольно-обеспечительной деятельности по исполнению наказаний, не связанных с изоляцией от общества» // Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл: қорытындылары мен болашағы: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және оқу орнының 45 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конф. мат., 2016 жылғы 23 қыркүйек. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2016. – 245-248 б. (400 бет).

6. Алибекова А.Б. «Некоторые проблемы службы пробации Республики Казахстан при осуществлении предупредительной деятельности в отношении подучетных лиц» // Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауына арналған Қазіргі ғылымның өзекті мәселелері: атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (07 сәуір 2017 ж.). — Ақтөбе: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, 2017. - 21-23 б. (418 б.б.).

7. Базарбаева А.Б. «К вопросу о международно-правовых основах деятельности службы пробации» // «Қазіргі әлемдегі ғылым және білім» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: РИО «Болашақ-Баспа» 2018.- 1 том. 17-20 беттер. (379 б.б.).

8. Алибекова А.Б. «Актуальные проблемы взаимодействия службы пробации с государственными и общественными институтами» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі – наука и жизнь Казахстана» халықаралық ғылыми-бұқаралық журналы. No5 (40) 2016. – 31-33 б. (317 б.) (ҚР ҒжЖБМ БҒССҚК ұсынған).

9. Алибекова А.Б. «Қазақстан Республикасындағы пробация қызметінің қызметін ұйымдастырудың өзекті мәселелері» // «Қазақстанның

ғылымы мен өмірі – Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми-көпшілік журналы №1 (43) 2017. – 226-228-б. (319 б.) (ҚР ҒЖЖБМ БҒССҚК ұсынған).

10. Алибекова А.Б. «Пробационный контроль как функциональный элемент современной уголовно-исполнительной политики Республики Казахстан» // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «ҚазҰУ хабаршысы» Заң сериясы. №1 (81) 2017. – 333-335 б. (418 б.) (ҚР ҚР ҒЖЖБМ БҒССҚК ұсынған).

11. Алибекова А.Б. «О некоторых правовых и организационных аспектах деятельности службы пробации в Республике Казахстан» // «Ғылым-Наука» халықаралық ғылыми журналы. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, №2 (53) 2017 ж. – 136-140 беттер. (150 б.) (ҚР ҒЖЖБМ БҒССҚК ұсынған).

12. Алибекова А.Б. «Организационные аспекты функционирования службы пробации в Республике Казахстан» // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі – наука и жизнь Казахстана» халықаралық ғылыми-бұқаралық журналы №6 (66) 2018. – 26-28-б. (218 б.) (ҚР ҒЖЖБМ БҒССҚК ұсынған).